

«КЕЛІСІЛДІ»

Колледждің

«Қамқоршылық кеңесінің»

төрайымы

Нуралина М.С.

« 05 » 01 20 10 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Н.Құлжанова атындағы

Торғай гуманитарлық

колледжінің директоры

Алматова С.О.

« 05 » 01 20 10 ж.

Колледж Қамқоршылық кеңесі жұмысын жүргізу ережесі

1. Жалпы ереже

- 1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ «Қамқоршылар Кеңесі жұмысының типтік ережесіне және оны сайлау тәртібіне» сәйкес әзірленген.
- 1.2. Қамқоршылар кеңесі колледж әкімшілігінің бастамасы және Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде әлеуметтік әріптестікті кеңейту және кәсіптік білім беру жүйесінде әлеуметтік және азаматтық басқару нысандарын дамыту мақсатында колледж студенттерін оқытуда және тәрбиелеуде ықпал етеді.
- 1.3. Қамқоршылық кеңесі заңды тұлға болып саналмайды. Қамқоршылық Кеңесті қалыптастыру тәртібі, өкілеттіктері, мақсаттары, міндеттері, құқықтары Қамқоршылық Кеңес пен колледждің Педагогикалық кеңесі шешімдерімен бекітілген осы Ережеде айқындалады.
- 1.4. Қамқоршылық Кеңесінің шешімдері кеңес беру және консультативтік сипатта болады.

2. Қамқоршылық кеңесінің негізгі қағидалары

- 2.1. Ерікті мүшелік;
- 2.2. Қамқоршылық Кеңестің барлық мүшелерінің құқықтарының теңдігі;
- 2.3. Коллективтік көшбасшылық;
- 2.4. Қабылданған шешімдердің жариялылығы;
- 2.5. Ашықтық.

3. Қамқоршылар Кеңесінің өкілеттіктері

- 3.1. Студенттердің құқықтарының сақталуына, сондай-ақ колледж есебіне қайырымдылыққа түскен көмектің шығындалуына қоғамдық бақылау жасайды.
- 3.2. Білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысты әзірлейді.
- 3.3. Мекемеге қайырымдылық көмек түрінде түскен қаражаттарды ретімен бөлуге қатысады және оның мақсатты шығындалуы туралы шешім қабылдайды.
- 3.4. Колледждің қызметіне қатысты конференцияларға, кездесулерге, семинарларға қатысады.
- 3.5. Білім беру ұйымының қызметімен, студенттердің білім алу жағдайымен танысады, білім беру ұйымының психологының қатысуымен сұхбаттар жүргізеді. Колледж қызметкерлері мен оқытушылары Қамқоршылық кеңестің құзырлығына қатысты сұрақтар бойынша ақпарат беруде көмек көрсетеді.
- 3.6. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі - үш жыл. Қамқоршылық Кеңестің мүшелері колледж қызметкерлерінің қатарына кірмейді.

4. Қамқоршылық Кеңесті сайлау және оның құрамын қалыптастыру тәртібі.

- 4.1. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Қамқоршылық Кеңестің құрылуы туралы және өзінің Интернет-ресурсында немесе тиісті әкімшілік-аумақта таратылатын мерзімді баспасөз басылымында оның құрамы туралы қазақ және орыс тілдерінде ұсыныстар қабылдау туралы хабарландыру орналастырады.
- 4.2. Қамқоршылық Кеңестің құрамы қабылданған ұсыныстар негізінде Қамқоршылық Кеңестің мүшелерінің жазбаша келісімімен қалыптастырылады және білім беру саласындағы тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган мақұлдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бекітіледі.
- 4.3. Қамқоршылық Кеңестің мүшелерінің саны тақ және кемінде тоғыз адам болады, жақын қарым-қатынаста емес, бір-бірімен және білім беру ұйымының басшысымен байланысы жоқ. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі - үш жыл. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы колледж қызметкерлерінің штатына кірмейді.
- 4.4. Қамқоршылық Кеңесінің мүшелерінің құрамына Мемлекеттік органдардың төрайымы болып табылатын тұлғалардан үш адамнан артық кірмейді.
- 4.5. Қамқоршылық Кеңестің төрағасы оның басшысы болып табылады, ол Қамқоршылар Кеңесінің отырысында ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланады. Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық Кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін атқармайды.
- 4.6. Қамқоршылық Кеңесінің хатшысы колледж қызметкерлері арасынан тағайындалады және Қамқоршылық Кеңестің мүшесі болып табылмайды. Қамқоршылық Кеңесінің хатшысы Қамқоршылық Кеңестің материалдарын дайындауды, өткізуді, тіркеуді және отырыстар хаттамасын қамтамасыз етеді.

5. Қамқоршылық Кеңесінің жұмысын ұйымдастыру.

- 5.1. Қамқоршылық Кеңестің отырысы оның басшысымен, Қамқоршылық Кеңесінің мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің бастамасы бойынша шақырылады.
- 5.2. Қамқоршылық Кеңестің отырысын шақыру туралы Қамқоршылық Кеңестің Төрағасы қол қояды және кеңестің барлық мүшелеріне жіберіледі. Хабарламада жиналыстың күні мен орны көрсетіледі. Хабарламаға қоса отырыстың күн тәртібі баяндамашыны көрсете отырып, осы мәселелердің күн тәртібіне енгізу себептерін қарастырады, Қамқоршылық Кеңестің мүшелеріне ұсынылатын қажетті құжаттарды ұсынады.
- 5.3. Қамқоршылық Кеңесінің мәжілісі туралы хабарлама алған Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі жиналыс өткізілгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық Кеңесінің Хатшысына өзінің қатысатыны немесе қатыспайтыны туралы хабарлайды.
- 5.4. Қамқоршылық Кеңесінің мәжілістері қажеттілікке байланысты өткізіледі, бірақ тоқсанда бір реттен кем емес өткізіліп тұруы тиіс.
- 5.5. Егер Қамқоршылық Кеңесінің барлық мүшелері отырыстың уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және оның мүшелерінің кем дегенде үштен екісі жиналысқа қатысса, Қамқоршылық Кеңесінің отырысы құзырлы болып табылады. Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі өз дауысын Қамқоршылар Кеңесінің басқа мүшесіне немесе сенімхат бойынша адамға беруіне жол берілмейді.
- 5.6. Қамқоршылық Кеңесінің шешімі қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен ашық дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қамқоршылық Кеңестің Төрағасы дауыс берсе, ал ол болмаған жағдайда

Қамқоршылық Кеңестің Төрағасының міндетін атқарушы болып табылатын тұлға дауыс берген шешім қабылданады.

- 5.7. Қамқоршылық Кеңесінің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған жиналысқа қатысқан Қамқоршылық Кеңестің барлық мүшелері қол қоюы тиіс.
- 5.8. Хаттама тиісті саланың уәкілетті органына немесе жиналысты өткізгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жіберіледі.
- 5.9. Тиісті саланың уәкілетті органы, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Қамқоршылық Кеңесінің өз интернет-ресурсында қабылданған шешімдері туралы ақпаратты орналастырады.
- 5.10. Колледжге қайырымдылық көмек ерікті түрде тегін ұсынылады және Қамқоршылық Кеңесінің шешімі бойынша осы Ережеде көзделген тәртіппен өткізіледі
- 5.11. Қайырымдылық көмек қаражаты мынадай мақсаттарға жұмсалады:
 - 1) колледж студенттеріне әлеуметтік қолдау көрсету,
 - 2) материалдық-техникалық базаны жетілдіру,
 - 3) дарынды студенттерге қолдау көрсету, спорт және мәдениетті дамыту.

6. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату

- 6.1. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының бастамасы бойынша.
- 6.2. Білім беру ұйымын тарату мен қайта құру кезінде.
- 6.3. Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі Қамқоршылық Кеңесінің құрамынан шығарылды:
 - 1) жеке бастамасы бойынша,
 - 2) жиналыстарда үш реттен артық дәлелді себептерсіз болмауына байланысты.

Қамқоршылық кеңесінің ережесі колледждің Педагогикалық кеңесінде таныстырылып, талқыланды және ол 2018 жылдың 13 қарашасындағы №2 хаттамада көрсетілген.